



Асқақтай бер, Астана!



EGEMEN QAZAQSTAN

Мемлекетшілдік мінбері

6 ШІЛДЕ 2023 ЖЫЛ, БЕЙСЕНБІ №126 (30605)

www.egemen.kz

E-mail: info@egemen.kz

FACEBOOK.COM/EGEMENKZ

TWITTER.COM/EGEMENKZ

## Ел тағдырын айқындаған шаһар



Суретті түсіреді: Аманжол ДИЖЕЛІЕВ, Ермұрат ИМІЕВ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Астананың 25 жылдығы. Жаңа даму бағыттары. Жаңа мүмкіндіктер» атты елорданың бауырлас қалалары форумының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Абай АСАНКЕЛДІҰЛЫ,  
«Egemen Qazaqstan»

### Жаңару мен жаңғырту жолы

Мемлекет басшысы ең алдымен, жиынға қатысып отырған бауырлас қалалардың басшыларына, әлемнің бірнеше елінен арнайы келген мәртебелі меймандарға ілтипат білдіріп, Астананың 25 жылдық қалыптасу тарихына қысқаша тоқталды.

– Бұл – мерейлі белес. Біз ширек ғасыр бұрын астанамызды Алатаудың баурайынан Арқа төсіне көшірдік. Есілдің жағасына ел қондырып, жаңа қаланың іргесін қаладық. Бүгін осы маңызды жиынға елорданың

бұрынғы әкімдері, қаламыздың құрметті тұрғындары, еңбек ардагерлері, мәдениет, ғылым, спорт қайраткерлері, ғалымдар, ұстаздар, мемлекеттік қызметшілер қатысып отыр. Олар Тәуелсіз Қазақстанның тірегі болған Астананың құрылысына белсене атсалысты, кеңес заманындағы ескі шаһардың қазіргі заманға сай озық қалаға айналуына зор үлес қосты. Мен баршаңызға шынайы алғыс айтамын. Шын мәнінде, Астана қаласының салынуы Тәуелсіз Қазақстанның тарихында айрықша мәні бар оқиға болды. Өздеріңізге мәлім, елорданы көшіру оңай болған жоқ, қомақты жұмыс істелді. Бұл шешім өте күрделі кезеңде қабылданды. Ел экономикасы тоқырауда болды. Жұрт нарықтық қатынастарға толық бейімделмеген кез еді. Осындай қиын

жағдайда Жоғарғы Кеңес Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен Астананы Ақмолаға ауыстыру туралы шешімді 1994 жылы 6 шілдеде қабылдады. Бас қаламыз ресми түрде 1997 жылы 10 желтоқсанда көшірілді. Ал осыдан 25 жыл бұрын 6 мамырда Ақмола атауы Астана болып өзгертілді. Елорданың жылнамасы Тәуелсіз Қазақстанның шежіресімен тығыз астасып жатыр. Шын мәнінде, астананы көшіру геосаяси тұрғыдан өте дұрыс қадам болды. Бұл – халқымыздың болашақ тағдырын айқындаған аса маңызды және дер кезінде қабылданған тарихи шешім, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Тұңғыш Президенттің осы бастамасы жаңа ұлттық идеяға айналғанына назар аударып, Нұрсұлтан Назарбаевтың еңбегіне лайықты, әділетті баға беру керек екенін айтты. Президенттің пікірінше, Әділетті Қазақстанда ақты ақ, қараны қара деу қажет, басқа сөзбен айтқанда, ненің шындық, ненің өтірік екенін ажырата білу керек. Бұл – еліміздің болашағына тікелей қатысы бар мәселе.

– Елорданың заманауи келбетін қалыптастыруға Кисё Курокава, Норман Фостер, Ренато Аркетти, Манфреди Николетти сияқты әлемге әйгілі сәулетшілер атсалысты. «Бәйтерек» монументі, «Бейбітшілік және келісім» сарайы, «Хан Шатыр» кешені және басқа да бірегей нысандар қаланың көркін аша түсті. Бас қаламыз «Астана опера», «Астана балет» сияқты өнер ордалары арқылы бүкіл әлемге мәдени орталық ретінде танылды. Жаңа елорда Тәуелсіз Қазақстанның өркендеуіне тың серпін берді. Астана жаңару мен жаңғыруға жол ашты. Бүгінде Астана жан-жақты әрі қарқынды дамуда. Елордамыздың халықаралық беделі артуда. Астана ЮНЕСКО-ның шешімімен «Бейбітшілік қаласы» атанды. Бас қаламызда көптеген іс-шара ұйымдастырылды. Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының саммиті, ЭКСПО халықаралық көрмесі өтті.

(Соңы 2-бетте)



## Серіктестікті нығайту маңызды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның Ресейдегі жаңадан тағайындалған елшісі Дәурен Абаевты қабылдады.

Кездесу барысында Мемлекет басшысы Ресей Федерациясымен стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайтудың аса маңызды екенін атап өтті.

Президент екіжақты қарым-қатынасты дамыту жөнінде Дәурен Абаевқа бірқатар тапсырма берді.

## Инвестициялық жобалар іске асырылады



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға ресми сапармен келген Швейцарияның федералды кеңесшісі, Сыртқы істер министрі Иньяцио Кассиспен кездесу өткізді.

Кездесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев екі ел арасындағы тығыз қарым-қатынас достық пен ынтымақтастық рухында дамып келе жатқанын атап өтті.

Мемлекет басшысы Швейцарияның Алматыдағы Құрметті консулдығы қызметінің басталуымен құттықтады. Оның ресми ашылу рәсіміне Иньяцио Кассис қатысты.

Мемлекет басшысы Швей-

цария Қазақстанның Еуропадағы негізгі саяси, сауда және экономикалық серіктестерінің бірі екенін айтты. Қазіргі уақытта Швейцария Қазақстанның жетекші 20 сауда серіктесінің қатарына кіреді. Елімізге жалпы көлемі 32,5 миллиард доллардан астам инвестиция құйған үш ірі инвестордың бірі.

(Соңы 2-бетте)

РЕСМИ

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

#### Семей ядролық қауіпсіздік аймағы туралы

Осы Заң Семей ядролық қауіпсіздік аймағын құру және оның жұмыс істеуі кезінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар  
Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

(Жалғасы 13-бетте)

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

#### Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Семей ядролық қауіпсіздік аймағы, экология және электр энергетикасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне:

(Жалғасы 13-бетте)

## Семей ядролық қауіпсіздік аймағы құрылады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Семей ядролық қауіпсіздік аймағы туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Семей ядролық қауіпсіздік аймағы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдарға қол қойды.

Заң нормаларына сәйкес бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонында Семей ядролық қауіпсіздік аймағын құру жоспарланып отыр.

Бұл аумақ ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сондай-ақ бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының аумағындағы жерлерді шаруашылық айналымға біртіндеп қайтару үшін оңалту мақсатында құрылады.

Арнаулы аймақты кешенді экологиялық тексеру және мемлекеттік экологиялық сараптама нәтижелері бойынша анықталған ластанған учаскелерде құру жоспарланған.

«Семей ядролық қауіпсіздік аймағы туралы» заңда мына төмендегі карастырылған:

1. Бұрынғы Семей сынақ полигоны жерлерінде және нормативтен тыс радиоактивті ластануға ұшыраған іргелес аумақтарда «Семей ядролық қауіпсіздік аймағы» арнаулы аймағын құру;

2. Радиоактивті ластанудың таралуын шектеу;

3. Полигон аумағындағы радиоактивті қалдықтарды жинау, орналастыру және кәдеге жарату арқылы Семей ядролық қауіпсіздік аймағының аумағын оңалту;

4. Семей ядролық қауіпсіздік аймағындағы радиоактивті ластану деңгейіне үздіксіз мониторинг жүргізу.

## Сәулеті асқақ, мазмұны терең



Суретті түсіреді: Ермұрат ИМІЕВ, «EQ»

Нұрбай ЖОЛШЫБАЙҰЛЫ,  
«Egemen Qazaqstan»

Жыл ілгері жылжыған сайын Астананың көз тартар ғажайып нысандары көбейіп келеді.

Әдепкіде зәулім ғимараттарымен таңғалдырса, кейінгі жылдары көрікті саябақтары мен керемет субұрқақтары, сондай-ақ сан алуан демалыс орнымен де көңіл төріне жайғасып, әр жанға мамыражай сезім сыйлауға асығады.

Көшелерін көмкерген қызылды-жасылды гүлдері мен жап-жасыл ағаштары сұлулыққа іңкәр сезімді одан сайын баурай түседі.

(Соңы 6-бетте)

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

EUR/KZT 483.47

USD/KZT 443.84

RUB/KZT 4.9

CNY/KZT 61.28





## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

# Семей ядролық қауіпсіздік аймағы туралы

(Соңы. Басы 1-бетте)

1) атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – атом энергиясын пайдалану саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

2) Семей ядролық қауіпсіздік аймағы – бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының аумағында ядролық қару сынақтарының салдарынан нормативтен артық радиоактивті ластануға ұшыраған, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген арнаулы құқықтық режим қолданылатын Қазақстан Республикасы аумағының шектеулі бөлігі;

3) Семей ядролық қауіпсіздік аймағы аумағының паспорты – аумақты сипаттайтын көрсеткіштер жүйесін, аумақ пен функционалдық аймақтардың тұрған жері көрсетілген, Семей ядролық қауіпсіздік аймағының инфрақұрылым объектілері, географиялық координаттары белгіленген, оның аумағының шекаралары, алаңдары сипатталған карта-схеманы, күзету режимдерінің түрлерін, рұқсат етілген және тыйым салынған қызмет түрлерін, бару қағидаларын, жұмыс істеу режимін, жер учаскелерінің аралас меншік иелері мен жер пайдаланушылар, олардың міндеттемелері туралы мәліметтерді қамтитын құжат;

4) Семей ядролық қауіпсіздік аймағының жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті ұйым (бұдан әрі – уәкілетті ұйым) – Семей ядролық қауіпсіздік аймағының жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін уәкілетті органның қарамағындағы мемлекеттік көсіпорындар қатарынан осы Заңға сәйкес айқындалатын заңды тұлға;

5) Семей ядролық қауіпсіздік аймағының инфрақұрылым объектілері (бұдан әрі – инфрақұрылым объектілері) – Семей ядролық қауіпсіздік аймағының аумағында орналасқан және оның жұмыс істеуі үшін пайдаланылатын өндірістік алаңдар мен сынақ алаңдарының, техникалық құралдардың, құрылғылардың, инженерлік және көліктік коммуникациялардың, ғимараттардың, құрылысжайлар мен олардың кешендерінің, жер учаскелерінің кешені;

6) ядролық қару сынақтары жүргізілген аумақтарды кешенді экологиялық зерттеп-қарау (бұдан әрі – кешенді экологиялық зерттеп-қарау) – ядролық қару сынақтарының салдарынан нормативтен артық радиоактивті ластануға ұшыраған бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонында және (немесе) оған іргелес аумақтарда қоршаған ортаның жай-күйін бағалауға бағытталған радиоэкологиялық зерттеп-қарау.

2-бап. Қазақстан Республикасының Семей ядролық қауіпсіздік аймағы туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының Семей ядролық қауіпсіздік аймағы туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар осы Заңнан басым болады. Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

3-бап. Семей ядролық қауіпсіздік аймағын құру мақсаттары, міндеттері және заңнамалық реттеу қағидадары

1. Семей ядролық қауіпсіздік аймағы Қазақстан Республикасында ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сондай-ақ бұрынғы Семей ядролық сынақ полигоны аумағының жерлерін шаруашылық айналымға біртіндеп қайтаруға мүмкіндік жасау үшін оның аумағын оңалту мақсатында құрылады.

2. Мыналар Семей ядролық қауіпсіздік аймағын құру міндеттері болып табылады:

1) мемлекеттің ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, Семей ядролық қауіпсіздік аймағының аумағында және оған іргелес жерлерде ядролық қаруды таратпау режимін қолдап отыру жөніндегі міндеттемелерін орындау;

2) инфрақұрылым объектілерін тиімді басқаруды және оларға тиісінше қызмет көрсетуді, оларды жөндеуді, реконструкциялауды және жаңғыртуды ұйымдастыру;

3) радиоактивті ластанудың таралуын шектеу, нормативтен артық радиоактивті ластануға ұшыраған жерлерді оңалту және Семей ядролық қауіпсіздік аймағының қауіпсіздігін күшейту бойынша жұмыстар жүргізу;

4) Семей ядролық қауіпсіздік аймағында атмосфералық ауаның, жерасты және жерүсті суларының, топырақ пен өсімдіктердің радиоактивті ластану деңгейіне тұрқты мониторингті қамтамасыз ету, сондай-ақ радионуклидтердің таралу параметрлерін айқындау;

5) атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану және радиоэкология саласында ғылым мен техниканы дамыту.

3. Мыналар Қазақстан Республикасының Семей ядролық қауіпсіздік аймағын құру және оның қызметін жүзеге асыру саласындағы заңнамасының қағидадтарына жатады:

1) қауіпсіздік – кешенді экологиялық зерттеп-қарау, радиоактивті ластану деңгейіне мониторинг жүргізу кезінде радиоэкологиялық ахуалды сапалы және анық талдауды қамтамасыз ету, сондай-ақ радионуклидтердің таралу параметрлерін айқындау;

2) жариялылық – Семей ядролық қауіпсіздік аймағының жұмыс істеуі туралы ақпараттың қоғамдастық болуын қамтамасыз ету, сондай-ақ осы Заңды іске асыруға байланысты қызметті жазып-көрсету жөніндегі іс-шараларды өткізу;

3) таратпау – Қазақстан Республикасының ядролық материалдарын таралуын шектеу және Семей ядролық қауіпсіздік аймағының аумағында ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық міндеттемелерін орындау;

4) болғызбау – радиоактивті ластанудың таралуын шектеуге және нормативтен артық радиоактивті ластануға ұшыраған Семей ядролық қауіпсіздік аймағының аумағын оңалтуға бағытталған қызметті жүзеге асыру.

2-тарау. СЕМЕЙ ЯДРОЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК АЙМАҒЫН ҚҰРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖҰМЫС ІСТЕУІ

САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

4-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Семей ядролық қауіпсіздік аймағын құру және оның жұмыс істеуі саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Семей ядролық қауіпсіздік аймағын құру және оның жұмыс істеуі саласындағы құзыретіне мыналар жатады:

1) Семей ядролық қауіпсіздік аймағын құру және оның жұмыс істеуі саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу;

2) Семей ядролық қауіпсіздік аймағын құру, оның жер учаскелерінің шекараларын, алаңдарын белгілеу және өзгерту;

3) уәкілетті органның ұсынуы бойынша уәкілетті ұйымды айқындау;

4) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясында, осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде жүктелген өзге де функцияларды орындау.

5-бап. Мемлекеттік органдардың Семей ядролық қауіпсіздік аймағын құру және оның жұмыс істеуі саласындағы құзыреті

1. Уәкілетті органның құзыретіне мыналар жатады:

1) Семей ядролық қауіпсіздік аймағын құру және оның жұмыс істеуі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) Семей ядролық қауіпсіздік аймағын құру және оның жұмыс істеуі саласындағы қызметті салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;

3) кешенді экологиялық зерттеп-қарау жүргізуді ұйымдастыру;

4) Семей ядролық қауіпсіздік аймағы жер учаскелерінің шекаралары мен алаңдарын белгілеуді және оларды өзгертуді негіздейтін кешенді экологиялық зерттеп-қарау материалдарын келісу;

5) босалқы жерлерді ядролық қауіпсіздік аймағының жерлеріне ауыстыру қағидаларын әзірлеу және Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұсыну;

6) Қазақстан Республикасының Үкіметіне Семей ядролық қауіпсіздік аймағын құру туралы, оның жер учаскелерінің шекаралары мен алаңдарын белгілеу және өзгерту, босалқы жерлерді ядролық қауіпсіздік аймағының жерлеріне ауыстыру туралы ұсыныс енгізу;

7) Қазақстан Республикасының Үкіметіне уәкілетті ұйымды айқындау туралы ұсыныс енгізу;

8) уәкілетті ұйымның Семей ядролық қауіпсіздік аймағы жер учаскелерінің шекаралары мен алаңдарын өзгерту туралы ұсынысын келісу;

9) Семей ядролық қауіпсіздік аймағы аумағының паспортын әзірлеу және тіркеу (қайта тіркеу) қағидаларын әзірлеу және бекіту;

10) Семей ядролық қауіпсіздік аймағы аумағының паспортын тіркеу (қайта тіркеу);

11) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша кешенді экологиялық зерттеп-қарау жүргізу әдістемесін әзірлеу және бекіту;

12) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша Семей ядролық қауіпсіздік аймағында атмосфералық ауаның, жерасты және жерүсті суларының, топырақ пен өсімдіктердің радиоактивті ластану деңгейіне тұрқты мониторинг жүргізу, сондай-ақ радионуклидтердің таралу параметрлерін айқындау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

13) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

2. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның құзыретіне мыналар жатады:

1) Семей ядролық қауіпсіздік аймағы жер учаскелерінің шекаралары мен алаңдарын белгілеуді және оларды өзгертуді негіздейтін кешенді экологиялық зерттеп-қарау материалдарына мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу;

2) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

3. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның құзыретіне мыналар жатады:

1) Семей ядролық қауіпсіздік аймағының аумағында азаматтардың денсаулығын қорғауға бағытталған санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуын мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

2) Семей ядролық қауіпсіздік аймағы жер учаскелерінің шекаралары мен алаңдарын белгілеуді және оларды өзгертуді негіздейтін кешенді экологиялық зерттеп-қарау материалдарына санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізу;

3) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

6-бап. Шекараларында Семей ядролық қауіпсіздік аймағы орналасқан облыстардың жергілікті атқарушы органдарының құзыреті

Шекараларында Семей ядролық қауіпсіздік аймағы орналасқан облыстардың жергілікті атқарушы органдарының құзыретіне мыналар жатады:

1) Семей ядролық қауіпсіздік аймағын құру және оның жұмыс істеуі саласындағы мемлекеттік саясатты өз құзыреті шегінде іске асыру;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде жүзеге асыру.

3-тарау. СЕМЕЙ ЯДРОЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК АЙМАҒЫН ҚҰРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖҰМЫС ІСТЕУІ

7-бап. Семей ядролық қауіпсіздік аймағын құру, оның жер учаскелерінің шекаралары мен алаңдарын белгілеу немесе өзгерту

1. Семей ядролық қауіпсіздік аймағын құру, оның жер учаскелерінің шекаралары мен алаңдарын белгілеу немесе өзгерту, сондай-ақ босалқы жерлерді ядролық қауіпсіздік аймағының жерлеріне ауыстыру туралы ұсынысты уәкілетті ұйым кешенді экологиялық зерттеп-қараудың негіздемесін, нәтижелерін және мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысын ұсына отырып, уәкілетті органға енгізеді.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Семей ядролық қауіпсіздік аймағын құру, оның жер учаскелерінің шекаралары мен алаңдарын белгілеу немесе өзгерту, сондай-ақ босалқы жерлерді ядролық қауіпсіздік аймағының жерлеріне ауыстыру туралы актісінің жобасы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен және шекараларында Семей ядролық қауіпсіздік аймағының жер учаскелері орналасқан облыстардың жергілікті атқарушы органдарымен келісіледі.

3. Семей ядролық қауіпсіздік аймағы жер учаскелерінің шекаралары мен алаңдары мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы болған кезде кешенді экологиялық зерттеп-қарау материалдарының негізінде белгіленеді немесе өзгертіледі.

4. Семей ядролық қауіпсіздік аймағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жер пайдалануға берілген жер учаскелерін қоспағанда, мемлекеттік меншіктегі жер учаскелерінде құрылады. Семей ядролық қауіпсіздік аймағының жерлері иеліктен шығарылуда жатпайды.

5. Уәкілетті орган Семей ядролық қауіпсіздік аймағы жер учаскелерінің шекаралары мен алаңдарын өзгерту туралы ұсынысты осы баптың 1-тармағында көрсетілген материалдар енгізілген күннен бастап алпыс жұмыс күні ішінде қарайды.

6. Уәкілетті орган:

1) Семей ядролық қауіпсіздік аймағы жер учаскелерінің шекаралары мен алаңдарын өзгерту туралы ұсыныс мемлекеттік саясаттың басымдықтарына сәйкес келмеген;

2) Семей ядролық қауіпсіздік аймағы жер учаскелерінің шекаралары мен алаңдарын өзгерту туралы ұсыныс Қазақстан Республикасының экология заңнамасының талаптарына сәйкес келмеген;

3) ұсынылған материалдар толық болмаған жағдайларда, уәкілетті ұйымның Семей ядролық қауіпсіздік аймағы жер учаскелерінің шекаралары мен алаңдарын өзгерту туралы ұсынысын қабылдамайды.

Семей ядролық қауіпсіздік аймағы жер учаскелерінің шекаралары мен алаңдарын өзгерту туралы ұсынысты қабылдамау Семей ядролық қауіпсіздік аймағы жер учаскелерінің шекаралары мен алаңдарын өзгерту туралы ұсынысты қайтадан енгізуге келері болмайды.

7. Семей ядролық қауіпсіздік аймағы жер учаскелерінің шекаралары мен алаңдарын қайта қарау рәсіміне Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі бастамашылық жасауы мүмкін.

8. Жергілікті жерде Семей ядролық қауіпсіздік аймағының шекарасы арнаулы ескерту белгілерімен белгіленеді.

8-бап. Семей ядролық қауіпсіздік аймағының жұмыс істеуі

1. Семей ядролық қауіпсіздік аймағының аумағында осы Заңға, Қазақстан Республикасының салық, жер, экология заңнамасына сәйкес Семей ядролық қауіпсіздік аймағының жұмыс істеуі шарттарының жиынтығы болып табылатын арнаулы құқықтық режим қолданылады.

2. Семей ядролық қауіпсіздік аймағының жерлері өнеркәсіп, көлік, байланыс жерлері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік, ядролық қауіпсіздік аймағы мұқтажына арналған жерлер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер санатына жатады.

3. Инфрақұрылым объектілері мемлекеттік меншік болып табылады.

9-бап. Семей ядролық қауіпсіздік аймағындағы негізгі қызмет түрлері

1. Мыналар Семей ядролық қауіпсіздік аймағындағы негізгі қызмет түрлері болып табылады:

1) Семей ядролық қауіпсіздік аймағының және инфрақұрылым объектілерінің ядролық және радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

2) Қазақстан Республикасының ұлттық және халықаралық міндеттемелері шеңберінде Семей ядролық қауіпсіздік аймағының аумағында ядролық қаруды таратпау режимін қамтамасыз ету;

3) ядролық сынақтар салдарының әсерін болғызбау, Семей ядролық қауіпсіздік аймағының радиоактивті ластанған жерлерін оңалту және оның қауіптілігін төмендету;

4) Семей ядролық қауіпсіздік аймағының стратегиялық объектілерін физикалық қорғау жүйелерін құру және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

5) Семей ядролық қауіпсіздік аймағының аумағында радиоактивті және қауіпті қалдықтармен жұмыс істеу, оларды сақтау және көму үшін орналастыру;

6) қауіпті өнеркәсіптік объектілердегі авариялар мен оқыс оқиғаларға ден қою, сондай-ақ олардың салдарын жою бойынша оқу-жаттығу қызметін жүзеге асыру;

7) атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану және радиоэкология саласында ғылыми-техникалық зерттеулер жүргізу.

2. Уәкілетті ұйым Семей ядролық қауіпсіздік аймағындағы негізгі қызмет түрлерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

3. Семей ядролық қауіпсіздік аймағының аумағында осы баптың 1-тармағында көрсетілген қызмет түрлерін және уәкілетті мемлекеттік органдар мен тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету объектілерінің функцияларын орындауға бағытталған өзге де қызметті қоспағанда, өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыруға тыйым салынады.

4. Семей ядролық қауіпсіздік аймағында негізгі қызмет түрлерін орындау үшін уәкілетті ұйымның Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бөгде ұйымдарды тартуға құқығы бар.

5. Радиоактивті қалдықтарды көму пункттерін салу және салу ауданы туралы шешім Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы заңнамасына сәйкес қабылданады.

Қауіпті қалдықтардың полигондарын салу және салу ауданы туралы шешім Қазақстан Республикасының Экология кодексіне сәйкес қабылданады.

10-бап. Семей ядролық қауіпсіздік аймағы стратегиялық объектілерінің күзетілуін қамтамасыз ету

1. Семей ядролық қауіпсіздік аймағы стратегиялық объектілерінің күзетілуін қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдар, ішкі істер органдарының мамандандырылған күзет бөлімшелері, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдары жүзеге асыра алады.

2. Уәкілетті ұйым Семей ядролық қауіпсіздік аймағының стратегиялық объектілерін мемлекеттік күзетуді жүзеге асыратын субъектілермен өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

3. Семей ядролық қауіпсіздік аймағы стратегиялық объектілерінің физикалық қорғалуын қамтамасыз ету тәртібі мемлекеттік күзетілуге жататын объектілердің инженерлік-техникалық тұрғыдан нығайтылуы жөніндегі талаптарда айқындалады.

11-бап. Уәкілетті ұйымның функциялары

1. Уәкілетті ұйым Семей ядролық қауіпсіздік аймағының жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) кешенді экологиялық зерттеп-қарауды жүргізу, мемлекеттік экологиялық сараптаманың және санитарлық-эпидемиологиялық сараптаманың қорытындыларын алу;

2) Семей ядролық қауіпсіздік аймағы мен инфрақұрылым объектілерінің ядролық және радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті ұйымдастыру;

3) Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелері шеңберінде Семей ядролық қауіпсіздік аймағында ядролық қаруды таратпау режимін қолдап отыру және нығайту саласындағы іс-шараларды орындау;

4) инфрақұрылым объектілерінің сенімді және қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

5) ядролық қаруды, радиоактивті заттарды сынау салдарының әсерін болғызбау және Семей ядролық қауіпсіздік аймағының аумақтарын қауіпсіз деңгейге дейін оңалту жөніндегі іс-шараларды іске асыру;

6) Семей ядролық қауіпсіздік аймағында атмосфералық ауаның, жерасты және жерүсті суларының, топырақ пен өсімдіктердің радиоактивті ластану деңгейіне тұрқты мониторинг жүргізу, сондай-ақ радионуклидтердің таралу параметрлерін айқындау;

7) инфрақұрылым объектілерін салу, жөндеу және негізгі қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін қаражат тарту;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Семей ядролық қауіпсіздік аймағының аумағында радиоактивті қалдықтарды сақтау мен көму пункттерін, қауіпті қалдықтар полигондарын құру;

9) радиоактивті қалдықтармен және нондаушы сәулелену көздерімен жұмыс істеу;

10) Семей ядролық қауіпсіздік аймағының аумағында сақталатын радиоактивті қалдықтарды және пайдаланылған ядролық отынды есепке алу мен бақылауды жүргізу;

11) Семей ядролық қауіпсіздік аймағының аумағында табиғат қорғау іс-шараларын әзірлеу және орындау;

12) осы Заңды іске асыруға байланысты қызметті жазып-көрсету жөніндегі іс-шараларды жүргізу, халыққа радиациялық ахуал, оның жақсарту бойынша қабылданатын шаралар, сондай-ақ Семей ядролық қауіпсіздік аймағының құқықтық режимі және оны бұзғаны үшін жауаптылық туралы хабарлау;

13) Семей ядролық қауіпсіздік аймағының стратегиялық объектілерін физикалық қорғау жүйелерін құру және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды іске асыру;

14) жергілікті жерде Семей ядролық қауіпсіздік аймағының шекараларын арнаулы ескерту белгілерімен белгілеу;

15) мемлекеттік органдар мен ұйымдарға осы Заңды іске асыруға байланысты қызмет туралы ақпаратты олардың сұрау салулары бойынша беру.

2. Уәкілетті ұйым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, атом энергиясы пайдаланылатын пайдаланушы объектілермен жұмыс істеудің барлық кезеңінде авариялық әзірлік және ден қою жөніндегі іс-шараларын орындаудың қамтамасыз етеді.

12-бап. Уәкілетті ұйымның қызметін қаржыландыру

1. Уәкілетті ұйымның қызметін қаржыландыру мыналардың:

1) уәкілетті ұйым ұсынатын (орындайтын) көрсетілетін қызметтер (жұмыстар) үшін сыйақының;

2) нысаналы қарыздық қаржыландырудың;

3) жарғылық капиталға енгізілген мүліктең;

4) бюджет қаражатының;

5) Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған уәкілетті ұйымның қызметінен түсетін өзге де кірістердің есебінен жүзеге асырылады.





(Соңы. Басы 1, 13-беттерде)

біреуі немесе бірнешеуі, сондай-ақ олармен технологиялық тұрғыдан тікелей байланысты болатын, осындай объект орналасатын сол өнеркәсіптік алаң шегінде жүзеге асырылатын кез келген өзге қызмет түрлері жүзеге асырылатын стационарлық технологиялық объектіні (кәсіпорынды, өндірісті) білдіреді.

ІІІ санаттағы объектілерге қатысты «объект» термині өздерінің шегінде осы Кодекске 2-қосымшаның 3-бөлімінде көрсетілген қызмет түрлері жүзеге асырылатын ғимаратты, құрылысжайды, олардың кешенін, алаңды немесе аумақты білдіреді.

Өтүрлі санаттағы объектілерде жүргізілетін құрылыс-монтаждау жұмыстары мен рекултивациялау және (немесе) жою жөніндегі жұмыстар өздеріне сәйкес I, II, III немесе IV санатқа жатқызылатын өлшемшарттар қоршаған ортаға жағымсыз әсер ететін объектінің санатын айқындау жөніндегі нұсқаулықта белгіленеді.;

3) 22-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Іастағыштардың шығарылуы мен көшірілуінің тіркелімін жүргізуді қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның ведомстволық бағынысты ұйымы жүзеге асырады.»;

4) 23-баптың 5-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Ұлттық баяндаманы әзірлеуді қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның ведомстволық бағынысты ұйымы жүзеге асырады.»;

5) 25-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын: «4. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган мемлекеттік экологиялық ақпарат қорын жүргізуді ұйымдастырады.

Мемлекеттік экологиялық ақпарат қорын жүргізуді қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның ведомстволық бағынысты ұйымы жүзеге асырады.»;

6) 27-баптың 2-тармағының екінші бөлігі «тармақшаларында» деген сөзден кейін «, сондай-ақ осы Кодекстің 7-тарауында» деген сөздермен толықтырылсын;

7) 39-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын: «5. Объектіні пайдалану кезеңіне арналған, оның ішінде қызметке елеулі өзгерістер енгізу кезіндегі эмиссиялар нормативтері объектіні пайдалану үшін тиісті жобалау құжаттамасына байланыстырыла отырып әзірленетін жеке құжат – эмиссиялар нормативтерінің жобасы (жол берілетін шығарындылар нормативтерінің жобасы, жол берілетін төгінділер нормативтерінің жобасы) түрінде есептеледі және негізделеді.

Құрылыс-монтаждау жұмыстары мен рекултивациялау және (немесе) жою жөніндегі жұмыстар кезеңіне арналған эмиссиялар нормативтері тиісті жобалау құжаттамасына байланыстырыла отырып әзірленетін «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімінің құрамында есептеледі және негізделеді.»;

8) 68-бапта:

4-тармақ алып тасталсын;

7-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Белгіленіп отырған қызмет туралы өтініш қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдарының интернет-ресурстарында орналастырылғаннан кейін осы баптың 9-тармағының екінші бөлігінде көрсетілген ескертпелер мен ұсыныстарды қабылдау мерзімі өткенге дейін осындай интернет-ресурстарда жұртшылықтың назарына үздіксіз қол жетімді болып қалуға тиіс.»;

9-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылық қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында белгіленіп отырған қызмет туралы өтініш орналастырылған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде белгіленіп отырған қызмет туралы өтінішке қатысты өз ескертпелері мен ұсыныстарын ұсынуға құқылы.»;

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган ескертпелер мен ұсыныстарды қабылдау мерзімі өткен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтан қарауға қабылданған белгіленіп отырған қызмет туралы өтінішке берілген барлық ескертпе мен ұсынысты ескертпелер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі түрінде ресімделетін хаттамаға енгізеді, сондай-ақ сол мерзім ішінде оны қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында қоршаған ортаға әсер етуді бағалаудың қамту саласын айқындау туралы қорытындымен және (немесе) белгіленіп отырған қызметтің әсер етуіне жүргізілген скринингтің нәтижелері туралы қорытындымен бірге орналастырады және олардың көшірмелерін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдарына жібереді.

Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген хаттаманың және қорытындының (қорытындылардың) көшірмелерін алғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде оларды өздерінің ресми интернет-ресурстарында орналастырады.»;

9) 69-баптың 4 және 5-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Белгіленіп отырған қызметтің әсер етуіне скрининг жүргізу мерзімі белгіленіп отырған қызмет туралы өтініш қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органда тіркелген күннен бастап жиырма екі жұмыс күнін құрайды.

5. Белгіленіп отырған қызметтің әсер етуіне скрининг жүргізу кезінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган осы Кодекстің 68-бабының 9-тармағына сәйкес қарауға келіп түскен барлық ескертпе мен ұсынысты назарға алады.»;

10) 71-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган белгіленіп отырған қызмет туралы өтініш тіркелген күннен бастап жиырма екі жұмыс күні ішінде, бірақ осы Кодекстің 68-бабы 9-тармағының екінші бөлігінде белгіленген мерзім өткеннен кейін осы Кодекске сәйкес қоршаған ортаға әсер етуі міндетті бағалануға жататын қызметке қатысты мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың осы Кодекстің 68-бабының 9-тармағына сәйкес қарауға келіп түскен ескертпелері мен ұсыныстарын ескере отырып, белгіленіп отырған қызмет туралы өтініште қамтылған мәліметтердің негізінде қоршаған ортаға әсер етуді бағалаудың қамту саласын айқындау туралы қорытынды шығарады және оның көшірмелерін ресми интернет-ресурста орналастыра отырып, осындай қорытындыны бастамашыға жібереді.»;

11) 72-бапта:

7-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын: «2) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдарымен келісілген қоғамдық тыңдауларды өткізу орындары, күндері мен басталу уақыты көрсетілген ілеспе хатты немесе осы Кодекстің 73-бабына сәйкес өткізілген тиісті қоғамдық тыңдаулардың қол қойылған хаттамасын.»;

мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

«3) есепте коммерциялық, қызметтік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болған кезде осы баптың 8-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген құжаттарды жібереді.»;

8-тармақта:

бірінші бөлікте:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Есепте коммерциялық, қызметтік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болған кезде ықтимал әсер ету туралы есептің бастамашысы немесе бастамашымен шарт бойынша әрекет ететін құрастырушысы осы баптың 7-тармағына сәйкес оның сапасын бағалау мақсаты үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға немесе осы Кодекстің 73-бабына сәйкес қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыру мақсаты үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның ведомстволық бағынысты ұйымына және тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдарына ұсынылатын ықтимал әсер ету туралы есептің жобасымен бірге.»;

2) тармақшадағы «береді» деген сөз «ұсынады» деген сөзбен ауыстырылсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Бұл ретте жұртшылықтың экологиялық ақпаратқа қол жеткізуді құқығын қамтамасыз ету мақсатында тиісінше қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның ведомстволық бағынысты ұйымы және тиісті

әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары жұртшылықтың осы тармақтың бірінші бөлігін 2) тармақшасында көрсетілген ықтимал әсер ету туралы есептің көшірмесіне қол жеткізуді қамтамасыз етуге тиіс.»;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның ведомстволық бағынысты ұйымы және тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары бастамашы көрсеткен ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.»;

мынадай мазмұндағы 10-тармақпен толықтырылсын:

«10. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган осы баптың 7-тармағында көрсетілген құжаттарды алғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде ықтимал әсер ету туралы есептің жобасын мүдделі мемлекеттік органдарға жібереді.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган ықтимал әсер ету туралы есептің жобасын жіберген күннен бастап он жұмыс күні ішінде мүдделі мемлекеттік органдар ықтимал әсер ету туралы есептің жобасына өз ескертпелері мен ұсыныстарын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға жазбаша нысанда (қағаз немесе электрондық жеткізгіштерде) жібереді.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган осы тармақтың екінші бөлігінде белгіленген мерзім шегінде мүдделі мемлекеттік органдардан алынған жазбаша нысандағы (қағаз немесе электрондық жеткізгіштердегі) ескертпелер мен ұсыныстарды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында осы Кодекстің 76-бабы 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес қоршаған ортаға әсер етуді бағалау нәтижелері жөніндегі қорытындымен бірге орналастырылатын жиынтық кестеге енгізеді.»;

12) 73-бапта:

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Бастамашы ықтимал әсер ету туралы есептің жобасын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган оның сапасына бағалау жүргізуді бастағанға дейін немесе жүргізу процесінде қоғамдық тыңдауларға шығаруға тиіс. Қоғамдық тыңдаулар осы бапқа және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларына (бұдан әрі – қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидалары) сәйкес өткізіледі.

Қоғамдық тыңдаулар ықтимал әсер ету туралы есеп жобасының сапасына бағалау жүргізу процесі басталғанға дейін аяқталған жағдайда, мұндай жоба қоғамдық тыңдаулардың хаттамасына қол қойылған күннен бастап алты айдан кешіктірілмей қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға жіберілуіге тиіс.

2. Бастамашы қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыру мақсатында:

1) қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларына сәйкес тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдарымен қоғамдық тыңдауларды өткізу орнын, күні мен уақытын келіседі;

2) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның ведомстволық бағынысты ұйымына және тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдарына ресми интернет-ресурстарда орналастыру үшін:

ықтимал әсер ету туралы есептің жобасын; есепте коммерциялық, қызметтік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болған кезде осы Кодекстің 72-бабы 8-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген құжаттарды; тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдарымен келісілген қоғамдық тыңдауларды өткізу орындарын, күндері мен басталу уақытын көрсете отырып, қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы хабарландыруды жібереді.»;

3-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның ведомстволық бағынысты ұйымы және тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары осы баптың 2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген құжаттарды алғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде ресми интернет-ресурстарында ықтимал әсер ету туралы есептің жобасын қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы хабарландырумен бірге орналастырады.»;

екінші бөліктің «интернет-ресурстарында» деген сөздер «ресми интернет-ресурстарында» деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтың үшінші бөлігін 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«6) мүдделі жұртшылық ықтимал әсер ету туралы есептің жобасына өздерінің ескертпелері мен ұсыныстарын жазбаша нысанда (қағаз немесе электрондық жеткізгіштерде) жібере алатын тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органның электрондық мекенжайы мен пошталық мекенжайы.»;

7, 17, 18 және 19-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылық ықтимал әсер ету туралы есептің жобасына өздерінің ескертпелері мен ұсыныстарын қоғамдық тыңдауларды өткізу басталар күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органына жазбаша нысанда (қағаз немесе электрондық жеткізгіштерде) жіберуге не қоғамдық тыңдауларды өткізу барысында өздерінің ескертпелері мен ұсыныстарын айтуға құқылы.

Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органы мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтан алынған жазбаша нысандағы (қағаз немесе электрондық жеткізгіштердегі) ескертпелер мен ұсыныстарды жиынтық кестеге енгізеді, ол ықтимал әсер ету туралы есептің жобасымен бірге қоғамдық тыңдауларға шығарылады.»;

«17. Ықтимал әсер ету туралы есептің жобасы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға қайтадан берілген кезде мынадай:

1) егер қайтадан берілетін ықтимал әсер ету туралы есептің жобасында қоғамдық тыңдауларда бұрын қаралмаған, белгіленіп отырған қызметке осы Кодекстің 65-бабының 2-тармағында көзделген елеулі өзгерістер қамтылған;

2) егер бұрын өткізілген қоғамдық тыңдаулардың хаттамасында осындай қоғамдық тыңдауларды өткізу барысында авторлары алып тастамаған жұртшылықтың ескертпелері және (немесе) ұсыныстары болған;

3) егер қоғамдық тыңдауларды өткізу кезінде Қазақстан Республикасы экология заңнамасының қоғамдық тыңдауларды өткізу тәртібіне қойылатын талаптарының бұзылуына жол берілген жағдайларды қоспағанда, қайтадан қоғамдық тыңдаулар өткізу талап етілмейді.

Қайталама қоғамдық тыңдау осы баптың 1 – 15 және 18-тармақтарына сәйкес өткізіледі.

18. Қоғамдық тыңдауларды қайтадан өткізу процесінде ықтимал әсер ету туралы есептің жобасы бастапқы қоғамдық тыңдаулардың хаттамасына енгізілген ескертпелер мен ұсыныстарға сәйкес пысықталған бөлігінде, сондай-ақ ықтимал әсер ету туралы есептің жобасына енгізілген және қоғамдық тыңдауларда бұрын қаралмаған, белгіленіп отырған қызметке осы Кодекстің 65-бабының 2-тармағында көзделген елеулі өзгерістер бөлігінде қаралады. Егер ықтимал әсер ету туралы есептің жобасын пысықтау кезінде бастапқы қоғамдық тыңдаулардың хаттамасына енгізілген қандай да бір ескертпе мен ұсыныс ескерілмесе, қоғамдық тыңдауларды қайтадан өткізу процесінде бастамашының ықтимал әсер ету туралы есептің жобасын осы бөлікте пысықтаудан бас тартуының себептері де қаралады.

Қоғамдық тыңдауларды қайтадан өткізу процесінде оларға қатысушы кез келген адам осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес қоғамдық тыңдауларды қайтадан өткізу кезінде қаралуға жататын мәселелер шегінде өзінің ескертпелері мен ұсыныстарын айтуға құқылы. Көрсетілген мәселелерге қатысы жоқ ескертпелер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдауларды қайтадан өткізу кезінде ескерілуге жатпайды.

Егер алдының қоғамдық тыңдауларды өткізу кезінде Қазақстан Республикасы экология заңнамасының қоғамдық тыңдауларды өткізу тәртібіне қойылатын талаптарының бұзылуына жол берілсе, қоғамдық тыңдауларды қайтадан өткізу процесінде ықтимал әсер ету туралы есептің жобасы толық көлемде қаралады.

19. Бастамашы мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың қоғамдық тыңдауларды қайтадан өткізу барысында авторлары алып тастамаған ескертпелерімен және ұсыныстарымен келіспеген жағдайда, бастамашының тиісті пікірі тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органынан қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға сараптама комиссиясының отырысын өткізуге арналған өтінішпен бірге жіберілетін қайталама

қоғамдық тыңдаулардың хаттамасына енгізіледі, содан кейін даулы мәселелер бойынша келіспеушіліктер осы Кодекстің 74-бабына сәйкес шешіледі.»;

13) 74-баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің бірінші абазы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган осы Кодекстің 73-бабының 19-тармағында көрсетілген жағдайда сараптама комиссиясының отырысын өткізуге арналған өтінішті және қайталама қоғамдық тыңдаулардың хаттамасын алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде»;

14) 76-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: «1. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган ықтимал әсер ету туралы есептің жобасына ескертпелер болған кезде қоршаған ортаға әсер етуге бағалау жүргізуге арналған өтініш тіркелген күннен бастап он жеті жұмыс күні ішінде осындай ескертпелерді бастамашыға жібереді. Бастамашы ескертпелер жіберілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осындай ескертпелерді жоюға тиіс.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган қоршаған ортаға әсер етуге бағалау жүргізуге арналған өтініш тіркелген күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде бастамашыға белгіленіп отырған қызметті іске асыруға жол берілетіні немесе жол берілмейтіні туралы тұжырыммен қоса, қоршаған ортаға әсер етуді бағалау нәтижелері бойынша қорытындыны береді.

Егер қоғамдық тыңдаулардың қол қойылған хаттамасы осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген ескертпелерді жою мерзімі өткенге дейін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға ұсынылмаса, белгіленіп отырған қызметті іске асыруға жол берілмейтіні туралы тұжырыммен қоса, қоршаған ортаға әсер етуді бағалау нәтижелері бойынша қорытынды беріледі.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның қоршаған ортаға әсер етуді бағалау нәтижелері бойынша қорытындыны ықтимал әсер ету туралы есеп жобасының осы Кодекске сәйкес ықтимал пысықталуы ескеріле отырып, осы жобаға, жұртшылықтың ескертпелері мен ұсыныстары жоқ екені белгіленген қоғамдық тыңдаулардың хаттамасына, сараптама комиссиясы отырысының хаттамасына (ол болған кезде), ал транспекаралық әсер етуге бағалау жүргізу қажет болған жағдайда – осындай бағалаудың нәтижелеріне негізделуге тиіс.»;

4-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) қоршаған ортаға әсер етуді бағалау нәтижелері бойынша қорытындыны, сондай-ақ мүдделі мемлекеттік органдардың ескертпелері мен ұсыныстары бар жиынтық кестені ресми интернет-ресурста орналастырады.»;

2) тармақша алып тасталсын;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген жағдайды қоспағанда, қоршаған ортаға әсер етуді бағалау нәтижелері бойынша қорытынды мерзімсіз қолданылады.

Егер қоршаған ортаға әсер етуді бағалау нәтижелері бойынша қорытынды шығарылған күннен бастап үш жыл ішінде бастамашы немесе оның құқықтық мирасқоры тиісті белгіленіп отырған қызметті жүзеге асыруға, оның ішінде құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу болжанатын қызмет үшін осындай жұмыстарды орындауға кіріспесе, онда қоршаған ортаға әсер етуді бағалау нәтижелері бойынша осындай қорытынды көрсетілген мерзім өткеннен кейін күші жойылды деп есептеледі.»;

15) 87-баптың бірінші бөлігінде:

6) тармақша мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Тасымалдағыш зымдандардың бөлінетін бөліктері құлайтын аудандарда қоршаған ортаға әсер етуге бағалау жүргізудің тәртібі мен тетігі қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен әдістеме бойынша айқындалады.»;

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«9) Қазақстан Республикасының заңдарында мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысының міндетті түрде болуы көзделген, экологиялық рұқсатты талап етпейтін қызмет түрлеріне арналған жобалау құжаттары және өзге де құжаттар жатады.»;

16) 90-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысына осы Кодекстің 88-бабына сәйкес айқындалған өз құзыреті шегінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының, оның аумақтық бөлімшелерінің немесе жергілікті атқарушы органдардың басшылары қол қояды.»;

17) 96-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүзеге асыру басталғанға дейін немесе жүзеге асыру процесінде қоғамдық тыңдауларды өткізу міндетті болып табылады.

Қоғамдық тыңдаулар мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүргізу процесі басталғанға дейін аяқталған жағдайда, мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүргізуге арналған өтініш немесе экологиялық рұқсат беруге арналған өтініш қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға қоғамдық тыңдаулардың хаттамасына қол қойылған күннен бастап алты айдан кешіктірілмей жіберілуіге тиіс.»;

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын: «3. Экологиялық рұқсатты беруден бас тарту (осы Кодекстің 87-бабының екінші бөлігінде көзделген жағдайда) немесе мемлекеттік экологиялық сараптаманың теріс қорытындысы алынғаннан кейін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға